

ӘДЕБИЕТИМІЗ ҮДЕП ЖҮР МЕ, ЖҮДЕП ЖҮР МЕ?

27-ақпан күні М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Қазіргі заман. Көркем әдебиет. Әдебиеттану» деген тақырыппен әдебиетші ғалымдар мен жазушылардың бас қосқан келелі мәжілісін өткізді. Мәжілісті Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті Кенжеғали Сағадиев ашып, сөз сөйледі.

Мәжіліске қатысқан көрнекті ақын-жазушылар мен әдебиетші ғалымдарымыз қазіргі көркем әдебиетіміздің хал-ахуалы, әдебиеттануымыздың жай-күйі туралы кеңінен пікір алысты. Әдебиет туралы мәселенің ауқымы қашанда кең болатыны мәлім. Мәжілісте қазіргі уақыт қиындығы, заман ағымы, бүгінгі қоғамдық-саяси өзгерістеріміз жөнінде де әңгіме қозғалды. Мәжілістің бір ерекшелігі, мұнда ешкім ұзақ-сонар баяндама жасап жұртты ығыр қылған жоқ. Сөйлеушілердің барлығы да өз пікірлерін ауызша айтты.

Енді осы мәжілісте сөз етілген мәніс-мәселелерді оқырмандарымыздың назарына ұсынып отырмыз. Айтылған әңгіменің ұзын-ырғасын сақтап, әркімнің осы мәжілісте сөз алып, сөйлеу ретімен, ойдың өңін бұзбай жеткізуге күш салдық.

Кенжеғали САҒАДИЕВ, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті:

— Қазіргі көркем әдебиетіміз қалай дамып жатыр? Бет алыса қалай? Әдебиеттануымыздың хал-ахуалы қандай? Қазіргі әдебиет процестері қалай жүреді? Міне, бүгін осындай толғақты мәселелер жөнінде әңгіме қозғауды жөн көріп отырмыз.

Көркем әдебиет бар жерде ғылым бар. Әдебиеттану ғылымының көркем әдебиетке ықпалы аз емес. Осы ретте жазушыларымыз бен әдебиетші ғалымдарымыз не айтады? Біз — тәуелсіз, егемен елміз. Егемен елдің әдебиеттануы қалай дамуы керек? Осы мәселелер жөнінде ойымызды ортаға саламыз. Бұл бас қосуды тек әдебиетшілердің ғана емес, қазақ зиялыларының ортақ мәжілісі деп ұғыныңдар.

Қазіргі нарық ауыртпалығының бәрiмiздi қинап жүрген де рас. Сондықтан әңгімені тек жоқшылыққа арнап, әдебиетіміздің мәселесі сырт қалып қойып жүрмесін. Барында әдебиетіміздің проблемалары жөнінде ой қозғауға тырысайық.

Шәкір БЫБАРАЕВ, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры:

— Жасыратыны жоқ, өткен қоғам, мейлі оны тоталитарлық, мейлі әкімшілік-әміршілдік деңгі, қалай айтсақ та қазақ әдебиеті үшін жеміссіз болған жоқ. Айтсақ та тамаша жетістіктеріміз баршылық. Көркем сөз қайраткерлеріне де, ғалымдарымызға да қоғам мен мемлекет тарапынан кезінде ілтипат пен қамқорлық жасалып тұрды. Соған лайық әдебиет те, ғылым да кең қанат жайды. Бұл кезеңде ұтқан да, партиялық қағидалармен шектеліп ұтылған да тұстарымыз болды. Не десек те, әдебиет пен әдебиеттану ғылымы қоғамда үлкен маңызға ие болды.

Ал енді ше? Енді жағдай мүлде басқа. Көркем сөз қайраткерлерінің белгілі бір идеологияға жұмылдыру да жоқ, жол көрсетіп, жөн сілтейтін саясат та жоқ. Ғалымдар мен жазушыларға көрсетілетін қамқорлық та жоқ.

Мәңгілік жұлдыз ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай, — деп Дулат ақын айтқандай, тәуелсіздіктің алғашқы лебінен абырап қалған ойымызды бұдан былай түйістіре бермейсіз. Мезгіл кешуі мүлдем болса да жеткі деп ойлаймыз.

Бұл ретте сөзімізді алдымен көркем әдебиеттен бастайық.

Өздеріңізге мәлім, өмір шындығын әлеуметтік болмыс-бітіммен тұтас бейнелеуде қазақ әдебиетінің дәстүрі аса бай. Тарихшыларымыз тайсақтап, әдебиетшілеріміз сезіктеніп отырған тұста қазақ тарихының небір қиын-қыстау кезеңдерін, айтуға болмайтын, айта қалсақ дәлелсіз, тиіс қайраткерлерін барын бардай көркем бейнелеуге алдымен бет бұрған — жазушыларымыз болатын. Қазақ әдебиетінің кешегі кеңес дәуірінде де өз кешіктері,

мейлі ол жұмысшы, ғалым, коммунист, революционер болсын, қалай десек те үлгі аларлық, оқырман еліктіктері қанағармандары жетерлік еді. Рас, бұл тұста идеологияның өлшемдері, типізген ықпалы бар болар, бірақ көркем образдар галереясын жасауда жазушыларымыз бен ақындарымыз шынайы шеберлікке қол жеткізді, образ жасалудың тамаша үлгісі дәстүрін қалыптастырды. Көркем сөзді қоғамдық философиямен, адам жанының қыр-сырын терең игеретін психоанализмен, сырлы сезімталдықпен ұштастыра білді. Социалистік реализм әдісін жеріне жеткізе пайдаланған бір әдебиет болса — ол қазақ әдебиет болды.

Сөз орайы келгенде өз пікірімізді білдіре кетейін. Біздіңше, социалистік реализм мүлдем аластап, лақтырып тастайтынды жүрек айнытарлық нәрсе емес. Көркемдік ізденіс тұрғысынан келгенде өмірді бейнелеудің бір жолы ретінде әдебиетте қала беруге тиіс тәрізді. Бірақ бұрынғыдай әдебиетіміздің бірден-бір және жалғыз әдісі болмайтындығы даусыз.

Қаламгерлерімізге неші жазу керек, қалай жазу керек дейтін мәселеде ақыл айтып, көрегендік жасаудан аулақпын. Қоғамымыздың жай-күйін өзгерден бұрын алдымен суреткерлер көреді, алдымен сезінеді. Ал оны қалай суреттейді, қай тұрғыдан суреттейді, қай философияны басшылыққа алады, қалай ұғындырады, ол — суреткердің ісі.

Қазіргі кезде дүниежүзі көркем әдебиетінде өмірді бейнелеудің талай-талай әдістемелері, көркемдік машықтары, әдеби тәжірибелері бой көрсетті. Олардың бір қатары қалыптасу үстінде. Модернизм, абстракционизм, авангардизм, мифология, экзистенциализм, спорреализм сияқты ағымдар өркендеп елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырды. Енді осы әдістерге үрке қарауды қою керек те сияқты. Көркемдік ізденістері алуан түрлі, егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жана дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау — алдымызда тұрған зор міндет.

Ақтандақтарды игеруде, әдебиет тарихында бір жақты бағаланып келген ақын-жазушыларымыздың мұрасын танып-білуде, кеңес дәуіріндегі әдебиеттің шығармашылық тәжірибесін қорытуда, арғы-бергі дәуірлердегі ақын-жазушылардың шығармаларын зерттеуде, қаға берісте қалып келе жатқан мұраларымызды

ашуда, оларды жарыққа шығаруда, қазақ ауыз әдебиетінің бұрын сөз болмаған жанрларын зерттеуде, оның көптомдық үлгілерін жариялауда, сондай-ақ поэтика, шеберлік, суреткердің көркемдік әлемі дейтін мәселелерді зерттеуде айтарлықтай ізденістер бар. Соңғы 2-3 жыл ішінде Абайға арналып 30-ға жуық монографиялық зерттеулердің жарық көруі бірқатар жағдайды аңғартқандай. Мұнда М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қаржысымен алынған үлесі мол.

Әдеби мұраларымызды толық игеруіміз керек. Мұрамыз дегенде бұл арада қазақ әдебиетінің сан гасырлық кезеңдерін де, тұтас құбылыстарды да, жекелеген ақын-жазушылар шығармаларын да тілге тиек етіп отырмын. Міне, сол мұраны күні кешеге деңгегі танып-білуімізде саяси, таптық, партиялық принциптердің бел алып келген мәлім. Енді оларды жаңаша, жана тұрғыдан бағалауымыз қажет.

Мәселен, Абай мұрасын герменевтика, жүйелі-функционалдық анализ тұрғысынан зерттеп көрсек қайтер еді? Бәлкім, сонда Абайдың өлі де бізге бейтаныс қырлары ашыла түсер ме еді. Не десек те, жаңаша бағалаудың тиімді әдістерімізді жүйелендіріп жөн көріп отырмыз.

Зейнолла ҚАБДОЛОВ, академик:

— «Көрі қыз ұл тапса, қоярға жер таппайды» екен. Ежелден аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізген едік, енді келіп сол тәуелсіздіктен шошып отырған жайымыз бар. Қазақ тілінің хал-ахуалының мүшкілдiгiн айтудан да шопимыз, қазақ әдебиетіне қамқорлықтың жоқ екендігін айтудан да қорқақтаймыз, тіпті, Қазақстанның қазақ мемлекеті екенін айтудан да шопынып жүрміз. Өйтеуір, дәрменсізбіз.

Тіл бұзарлар, тіл білместер, тілазарлар көбейді. Школьники деген министрліміздің мектеп баласының сөзін айтып жүргені несі? Ол кісі «Академияны өзіме қосып алам» дейтін көрінеді. Академияны ешуақытта, ешбір жағдайда да таратуға болмайды! Академияны таратып, Әуезовты, Сәтбаевты көзде дөнбекшітп қоюға болмайды.

Мен мұны неге айтып отырмын? Әдебиетімізге тікелей қатысты болғаннан кешік айтып отырмын. Қазақ тілінің тағдыры, Академиямыздың құрамына кіретін Әдебиет және өнер институтының тағдыры әдебиетіміздің тағдырымен тығыз байланысты болғаннан кейін айтып

отырмын.

Армансыз, арсыз халық болмайды. Қаламгерлер — халықтың ар-ожданы. Қаламгерлерге қамқорлық жасалмауы, жазушылар жағдайының үкімет назарынан тыс қалуы — халықтың ар-ожданына жасалған қиянат.

Кейбіреулердің «Әдебиет тоқырады. Не жазуды білмей жүрміз» деуі — білместік. Ұят. Қазақ әдебиеті — күшті әдебиет. Бір мысал келтірейін. 1959 жылы Мәскеуде өткен кеңес жазушыларының съезінде «Дәл қазіргі қазақ прозасында өткіштің проза, өкінішке орай, украиндарда да, өзге кеңестік ұлттық әдебиетімізде де жоқ. Оны мойындау керек» деп ашық айтылған-ды. Және бұл пікір съездің қаулысына енген болатын. Бұл кез — Әуезовтің тірі кезі.

Қазақтың сұт бетіне нығар қаймақтарын зұлмат заман әр-әр кезеңде сыпырып алып кетіп отырды емес пе. Әдебиет сонда да өлген жоқ. «Әдебиетте өлім болмайды» дейді Гоголь. «Мен өлмеймін, менкі де өлмейді» де — осы әдебиетке қатысты. Мынадай алмағайып, аумалы-төкпелі заманда, елдің тек 5-ақ проценті ғана ауқатты тұратын, ал өзгелері күнкөрістің қамымен өуре боп жүрген қиын уақытта да әдебиеттен қол үзуге болмайды. Мейлі, 10 есе қиындық көрелік, бұдан да бетер бейнет шегелік, әдебиетшілік міндетімізді адал атқаруымыз керек.

Үкіметіміз әдебиеттен де, әдебиетшілерден де үрікпесін. Өйткені, әдебиет замаиды, қоғамды, саясатты даналық оппозиция тұрғысынан байыптайды.

Ал енді біздің әдебиеттануымыздың алдында тұрған мақсат не? Әдебиеттегі тап тартысының, әдебиеттің партиялылығының бекер екенін жап-жақсы ашып, жан-жақты дәлелдеп берілік қой. Сол сияқты енді міндет — жазушының шеберлік критерийін белгілеу. Сол арқылы кім жазушы, кім жазушы емес дегенді айқындап, анықтау.

Дихан ӘБІЛБЕК, Қазақстанның халық жазушысы:

— Бұл топқа мен тон кию үшін келген жоқпын. Мүіз шығатын болса, тонды киюдей-ақ кидік те. Мені мұнда жетелеп, жетектеп әкелген — ішімдегі шер.

Бұрын «Алға!» деуші екі. Қазір «Артқа!» дейтін сияқтымыз. Шепну, шепну, тек шепну... Ау, қашанғы шепнеміз? Шепне-шегіне жетер жерге жеттік қой. Әдебиет — жан азығы. Қамқорлық қайда?

Бүкіл мұң-мұқтажымызды айтып Президентіміздің атына «Аға жазушылардың ашық хатын» жаздық. Бұл хат осыдан екі ай бұрын «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланды да. Бірақ хатымызға әлі күнге жауап берілген жоқ...

Ғаббас ҚАБЫШЕВ, Жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы:

— Қазіргі әдебиетімізде сапа емес, сан ойнақ сап жүр. Әр көшеден, әр ауылдан, әр ауладан бір-бір «Абай» шығып жатыр. Көрінген адам көркем дүние жазғыш болып кетті. Сондықтан мына мәселеге ерекше назар аудару қажет деп білем. Баспаларымыздан шығуға тиісті көркем әдебиетті таразылап отыратын бір алақа болу керек. Ол алақа Әдебиет институтында, жоқ әлде Жазушылар одағында құрыла ма, әйтеуір құрылуы керек.

Жазушылар одағының жөні нашар. Үкіметтің қамқорлығына зәруміз. Қаржы жетпейді емес, жетеді. Ниет жетпей жатқан сияқты. Жақында ғана газеттен оқыдым, бір алаяқ үш жүз мың долларды алып қашып Ресейге өтіп кеткен. Ал енді осы 300 мың долларды теңгеге айналдырыңызшы. 18 миллион теңге болады екен. Мұндай алақтар біреу ғана емес, жүздеп саналады емес пе. Ойға, қырға кетіп жатқан ақшадан әдебиетіміздің мұқтажы үшін неге қаржы бөлмеске.

Ресей дегеннен шығады, дәл қазір Ресей өзіннің жазушыларына сый-құрметпен де жасап жатыр, атағын да беріп жатыр. Бұдан да үлгі алуға болады.

Енді бір әрекетім, кітап саудасына ерекше көңіл бөлгенді қалар едім.

Мұхтар МАҒАУИН, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

— Жақында «Ана тілі» газетіне бір мақала шықты. «Жазушылар жылай бергенше неге ауылға барып мұғалім болмайды» дейді әлгі мақаланың авторы. Міне, біздің жеткен жеріміз. Жазушыны қорлау, жазушыны жерге тығу осындай-ақ болар.

Бұл — бір жағы. Екінші жағынан, ауылда мұғалімдер жетісіп отыр деп кім айтты? Олар да «шықпа жаным, шықпа» деп, өлмес күнін өрең көріп жүр...

Біз өзіміздің жазушыларды Американың жазушыларымен салыстыра бастадық. Америкада өмір тынысы, қоғамдық құрылым, дәстүр мүлде бөлекше қалыптасқан го! Мәселен, АҚШ-та бір киноснарий үшін 1 млн. доллар қаламақы аласын. Ал енді біздің жазушы дәл осындай көп оқиғалы арзан снарийдің бір-екі айдың ішінде-ақ бесеуін жазып тастайтынына сенімім көміл.

Ұрпақтың халі мүшкіл. Олар осы күнде яғни рухани жарлы күінде қала бермек пе? Не істеу керек? Дәл қазіргі үкімет өмір сүріп тұрғанда бізге қайран да жоқ, қамқорлық та жоқ, қолғабыс та жоқ. Оған Сіздер де күмәнданбаңыздар. Бірақ әрқайсымыз ұлттық борышымызды ұмытпайық. Ғалымдық борышымызды, жазушылық борышымызды естен шығармайық. Жазайық, айтайық, ақиқатты айтайық. Ертең күш бізді тексеретін ұрпақ та болады әлі. Археологтар тарихи төбетемпектерді қазып жіберіп, осы жерді бұдан пәленбай

(Соңы 4-бетте).

(Соңы. Басы 3-бетте).

мын жыл бұрын қоныс еткен адамдардың сүйегіне қарап отырып-ақ: «мына біреуісі аюмен айқасып өлінті, ал мына жас келіншек бала емзіп отырып жан тапсырыпты» деп, қолмен қойғандай етіп айтып беретін бар емес пе. Кейінгі ұрпақ та бізді дәл осылай тексереді, тарих ешкімді тасада қалдырмайды. Сонда әлгі ұрпағымыз «Өздеріне де сол керек! Қоғам, заман, уақыт туралы жұмған ауыздарын ашпапты» деп жүрмесін. Ұрпақтың қарғысы, ұрпақтың назасы ауыр болады.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұев аш-жаланап жүріп-ақ елдің мүддесін, ұлттың мұнын жазған ғой. Біз де сөйтсек. Жылап-жылап болдық қой. Енді іске көшейік.

Бізге де зиялылардың ұйымы керек. Мәселен, Түркияда зиялылардың ұйымы бар. Оларға үкімет құлақ асып отырады.

Біздің бір кемпіліміз, қазіргі жағдайды болмыс ретінде мойындамай отырмыз. Болмыс ретінде мойындасақ, тәуелсіздіміз не болды? Тәуелсіздіктен айрылып қалған жоқпыз ба? «Прихвизация» деген революция болып өтті. Бұрын тек Ресейдің ғана боданы едік, енді бүкіл дүние жүзінде боданына айналып бара жатқан жоқпыз ба?...

Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

— Әдебиетшілер мен жазушылар бас қосқан мынадай жиылысты көрмегелі қай заман? Осылай жиірек бас қосып тұруымыз керек. Заманымыз не болып барады, қоғамымыз нендей күнге ұшырады, әдебиет пен өнердің мүддесі қайда қалды деген өткір мәселелерді ашық айтуымыз керек. Шыны керек, қазір айтатын жер, айтатын орта да қалмады. Өнер академиясы дейміз бе, жоқ әлде басқаша айтамыз ба, әйтеуір пікірімізді білдіретін бір мәдени орталық керек-ақ.

Бұрындары қалай еді? Үкімет халықтан, қаламгерлерден, журналистерден аяқ тартатын. Қазір үкімет аяқ тартатын қоғамдық ұйым қалды ма? Қалған жоқ.

Жазушылардың жан айғайын тыңдайтын мезгіл де жетті деп ойлаймын. Жазушылар ежелден халық атынан сөйлеген. Біз де халық атынан сөйлеуіміз керек. Ұлттық идеологиямыздың жоқтығын, мемлекеттік моделіміздің жоқтығын, Сыртқы істер министрлігіміз бар болғанымен сыртқы саясатымыздың жоқтығын -- бәр-бәрін ашық айтуымыз керек.

Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ,
Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы:

— Ұлттық әдебиетіміз негізінен кенес заманында жасалды, нығайды, өркендеді. Қазақ әдебиетінің келешек даму бағыттары жайына ой жүгірту үшін өткеніміз бен қолдағымызды парықтау шарт. Қызыл империя еді, тоталитарлық жүйе еді деп қанша замандасақ та — сол кезеңде әдебиетіміз әлемдік деңгейге көтерілді, оқырмандарымыздың саны өсті, олардың ұлттық сөз өнері жетпіктерін қадағалап тұруға деген ықыластары артты. Білім алуға, рухани мәдениет қазынасын еркін аралауға, шығармашылықпен шұғылдануға қим-қимге де кен жол ашылды. Осылардың бәрінен, өкінішке қарай, отарлық бұғаудан азат болған шағымызда көле-көрнеу

ӘДЕБИЕТІМІЗ ҮДЕП ЖҮР МЕ, ЖҮДЕП ЖҮР МЕ?

ажырап барамыз. Мәдениет күйзелуде. Кітапханалар көптеп жабылып жатыр. Мұнын бәрін нарық экономикасына өтудің яғни капиталистік құрылысқа енудің салдары деп жүрміз.

Капиталистік қоғамдағы өнер мен әдебиеттің тағдыры ұлы Балзакты да ұдайы толғандырған. Ол ірі қаламгерлердің мемлекет қарауында болуға тиіспін жақтаған, үкіметті кімді қамқорлыққа алу керектігін білмейтіндігі үшін сынаған, жазушылар қоғамы өз хұқтарын қорғауға шақырған, әміршіл ақша билігінің себеп-салдарын ашқан. Ол өнерді ұлы күш деп таныды, жазушылардың басты парызын өз заманының пайызын жақсартуға ұмтыла деп ұқты. Бізге осынау қалам бейнетқорының рухы жақын. Біз де сол сияқты жоқтыққа мойымай, биік қоғам мұраттарды насихаттай беруге тиіспіз.

Әдебиеттану әлі тоталитарлық кезеңнің көркем әдебиетін жан-жақты зерттеп үлгерген жоқ. Ескі жүйенің күйреуі, тәуелсіздік алуымыз осы ретте алдымызға тын бағыттар тартады. Кезінде партияның құлаи қамқорлық, жақсылығын пайдаланған кейбір қаламгерлер тарапынан «шығармаларыма партия туралы жазбадым, партияның айтқанын орындамадым» деген мақтаншыты мәлімдемелер естиде бастады. Ал іс пен сөз қалай қабысқан -- әдебиеттанушылар тарапынан бұл орайда да парасатты сарап керек-ақ.

Қалам қайраткерлерін әр заманда да ұлы идеялар толғандырып, алға ұмтылдырып отырған. Ал бүгінде олардың санасын азаттық пен егемендік сезімі кернеп тұрғаны хаб. Мәселе осынау ансаулы қыбылыстарды баяндай етуге ғой.

Әлжаппар ӘБІШЕВ,
Қазақстанның халық жазушысы:

— Адам түзелмей, заман түзелмейді. Заман түзелу үшін ең әуелі құлықтарында, қылықтарында түзендер...

Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

— Әдебиет туралы айтамыз деп, қайта-қайта саясатқа кетіп қалып жатырмыз. Саясатқа айналып соға беруіміздің де, әрине, себебі жоқ емес.

Сары уайымға, үмітсіздікке салынбайық. Ертенімізді ойлайық. Ертеніміз осы күнде тәуір болу үшін бүгін әрекет етейік.

Қазір бізде 600 жазушының өзін көлсініп жүргендер бар. «10-12 жазушы жетпей ме» деген сыңайдағы сөздер де шығып қалып жүр. Мәселен, бөйгеге 600 ат қосылды дейік. Сонын қаншасы бөйге алады? Әрине, мәреге бұрын жеткен алғашқы 10-ы. Егер әлгі 600 ат болмаса, мына бөйге алған 10 жүйрікті қайтіп анықтар едік?... Әдебиет те осы сияқты. Әдебиетке де фон керек, орта керек, шығармашылық бәсеке керек. Онсыз әдебиет жасалмайды. Жалпы, шығармашылық дүниесі, ақыл-ой дүниесі ешқандай штатпен есептелмейді емес пе.

Қазақ әдебиеті — отар елдің әдебиет болды. Мұны мойындау керек. Барлық отар елдердің әдебиеті сияқты біздің әдебиетімізде де екі бағыт болды. Біраз жазушыларымыз им-

перияның, партияның соиылын соқты. Екінші топтағылар халықтық бағытты ұстанды. Бір жазушының өзі екі түрлі шығарма жазды. Әдебиеттанушыларымыз осының бәрін саралап беруі керек.

Мен сонымен бірге осында отырған әрбір жазушыға былай деп айтар едім: «Шығармаларымыздың ішінде ұрпаққа ұялмай ұсынатынымыз қайсы, қымсынып-қымсылып қалатынымыз қайсы? Заманның ыңғайымен жазған шикілі-тсілі шығармаларымызды осы бастан жөндейік. Көзіміздің тірісінде жөндейік».

Іздену мәселесіне келсек, ең әуелі ұлттың таны, ұлтыңды зертте. Ұлтыңның жүрегіне жол талқан шығарма өзгенің жүрегіне де жол табады. Сіздің жазғаныңыз 10 миллион қазақтың жүрегіне жетп жатса, әнеки, нағыз шығарма сол. Абай төрт болыс тобықтыны көріп отырып-ақ бүкіл адамзат атаулыны толғандыратын шығармалар жазды. Жамбыл ше? «Тыңда, Қастек, Қаскелен!» деді. Қастек пен Қаскеленнің арасы көп болса — 40 шақырым. Ал Жамбылдың үнін дүние жүзі естиді.

Әбдіжәмил НҮРПЕЙІСОВ,
КСРС Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:

— Дидарласып, қауқылдасып жатырмыз. Қаламдастар біріне-бірі ақтарылып жатыр. Жазушы не айтады? Әрине, ең алдымен елдің мүддесін айтады. Елдің мүддесі айтылатын болғандықтан бұл жиынға үкімет мүшелерінің бірін шақыру керек еді. Алдағы уақытта Академия болып, біздің ПЕН-клуб бар, Жазушылар, Суретшілер, Композиторлар одағы болып жақсы бір мәжіліс ұйымдастырып, сол мәжіліске Президентті шақырып, ойға түйгендерімізді ортаға салуымыз керек.

Менің Мәскеуде Әдебиет институтында оқып жүрген кезім еді. Бір күні профессорымыз қолына «Огонекті» ұстай келді. «Огонекке» М. Шолоховтың «Көтерілген тын» романынан үзінді басылды. Профессорымыз бізге осы үзіндіден бір келісіп тенеуді оқыды да, осы бір сөйлемнің өзін екі сағат талдады. Шолохов шөптің басындағы көктемгі шықты шашылып қалған пытыраға тенеуді. Міне, осы тенеудің дәлдігін, бейнелілігін айтып, оның жауынгерлік дәстүр мен замана рухынан туындағанын дәлелдеп, тенеудің одан да басқа сан қырын толғал аттай екі сағат әдеби талдау жасады. Бізге де осындай әдебиетші, осындай әдебиеттану керек қой деп ойлаймын.

Көркем әдебиет — өнер ғой. Ал өнердің міндеті — тан қалдыру. Оқырман тан қалғанда ғана ләззат алады.

Мүсірепов бір күні балаша мөз боп отыр. Сөйтсем, «канифель» деген сөздің «шырғалан» деген әрі қысқа, әрі нұсқа аудармасын тауыпты. Өнердің қуанышы дегеніміз де осы ғой.

«Ясная Полянада» өз көзіммен көрдім, Толстойдың тартпасында «Анна Каренинаның» 11 варианты жатыр. Біз оқып жүрген «Анна Каренинаға» ұлы жазушы тек 9-ынша вариантында ғана біраз жақындайды. Мұндай бейнетқорлық яғни бір романның 11 вариантын жазып шығу —

өнерді өнер деп түсінген, өнерді өнер деп қабылдаған адамның ғана қолынан келемек.

«Күз аспаны күңгірт, бұлыңғыр. Әуеде дымқыл сыз бар» дейді Әуезов «Абай жолында». «Дымқыл сыз бар». Не деген дәлдік, не деген сурет! Осы пркестіп оқыған сайын «Осындай суреткерлік біздің қолымыздан қашан келер екен?» деп талай армандадық.

Сәбит Мұқановтың ең бір құнды дүниесі — «Адақандар», «Мәлдір махаббат» — бердегі «өңделген, жөнделген» нұсқасы ғой. Осы «Адақандарды» қайта бастырған жөн.

Қазір «Өскен өркен» М. Әуезовтің іргелі еңбегі ретінде аталып жүр. Бұл дұрыс емес. «Өскен өркен» шала-пұла, асығыс жазылды. М. Әуезов оны әлі өндеген де жоқ еді. «Өскен өркенді» Әуезовтің табысы ретінде қарастыру — ұят.

Тұрсынбек КӘКШЕВ, филология ғылымдарының докторы, профессор:

— Қазір мектептеп, жоғары оқу орындарындағы жастарымыз қандай әдебиет оқулықтарын пайдаланып жүр? Ұят болса да айтайын, 1960 жылдары шыққан оқулықтарды: Егер жастарымыз яғни біздің ертеніміз осыдан 30-40 жыл бұрынғы, жаналығы жоқ, ескірген, көнерген оқулықтарды пайдаланып жүрсе, онда ескендіміз қайсы? Бізде академиктер де жетеді. Білдей Әдебиет институты да бар. Бірақ оқу құралдарына зәруміз.

Осы Әдебиет институты 1960-67 жылдары 6 томдық іргелі еңбек жариялады. Соңғы кездері неге сылбыр тартып кетті?

Әдебиеттану институтында ғылым сылбыр дамып отыр. Керісінше, университеттердегі әдебиетшілердің қарқыны жақсы. Мәселен, біз өз университетімізде «Шет елдегі қазақ әдебиеті» деген арнайы курс оқытамыз. Оқу құралын да өзіміз жасадық. Іздендік, шет елдерге экспедицияға шықтық.

Меніңше, Әдебиет институтында ізденіс аз. Соңғы жылдардағы ғылымның жетістігі деп айтуға тұратын толымды еңбек шығара алған жоқ.

Әдебиет, мәдениет қайраткерлері болып елдің мұнын, халықтың қиыншылыққа ұшырап отырғанын айта алмай жүрміз. Жасықпыз, жасқаншақпыз.

Әкім ТАРАЗИ,
жазушы:

— Осында «социалистік реализмді лақтырып тастамайық, ол әлі де бізге керек болады» деген сыңайдағы пікір айтылды. Социалистік реализмнің бір «жақсы» жері — бұл дарынсыздарға жақсы болды. «Партияның 40 жылдығына арнап роман жаздым ғой, енді неге сыйлық бермейсің» деуі үшін керек болды...

Бізде әдебиет бар. Мәселен, қазіргі Маркестің денгейіне

Мағжан, Жүсіпбек өздерінің өңгімелерімен 20-жылдары-ақ көтерілген болатын. Әдебиеттанудың үніле зерттейтін объектісіннің бірі де осы болу керек...

Сейіт ҚАСҚАБАСОВ, филология ғылымдарының докторы:

— Басын ашып алатын бір жай, бізге идеологияның керек жоқ. Әдебиет онда тағы да идеологияға қызмет ете бастайды? Әдебиеттің өзінің мүддесі далада қалады.

Әдебиетті біз өнер деп түсінуіміз керек. Өнердің өз заңы бар.

Әдебиет оқулықтарын түгел қайта қарағанымыз дұрыс. Естген құлаққа ерсі, М. Ғабдуллиннің 1958 жылы басылған оқу құралы өлі күнге оқытылып жүр.

Жазушылар одағы туралы да пікірімізді айта кетейік. Дәл қазір Жазушылар одағын таратып жіберу керек те, оның орнына жанасын құру керек...

Қалтай МҰХАМЕДЖАНОВ, Қазақстанның халық жазушысы:

— Идеологиясыз ел болмайды. Халыққа мақсат, сенім, мұрат, рух керек. Идеология дегеніміз де осы.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті, меніңше, дүние жүзіндегі ең бір сапалы және қайталанбайтын гажал әдебиет. Мұндай ауыз әдебиет бірде-бір ұлтта, бірде-бір мемлекетте жоқ десем, қателесе қоймаспын. Осыларды түгел жинастырып, жиыстырып басып шығару керек. Әдебиетшілерге айтарым негізінен осы...

Екі сөздің бірінде «қазақтың бірлігі жоқ» дейміз. Осы — өтірік сөз. Қазақта бірлік бар. Қаламгерлеріміздің осы бірлікті уағыздап, насихаттап жүргені дұрыс.

Сайын МҰРАТБЕКОВ, жазушы:

— Қалекен дұрыс айтып отыр. Қазақ ауыз әдебиетінің 14 томы жарық көрді. 60 томы жасалып бітілті, дайын тұрған көрінеді. Енді осы қазынаны төпелей-шаппай мол тиражбен халыққа ұсынуымыз керек.

Серік ҚИРАБАЕВ, академик:

— Біз бір-бірімізді оқымаймыз. Біріміздің сөзімізге біріміз құлақ аспаймыз. Әсіресе, жазушылар әдебиетшілердің зерттеулерін оқымайды. Мәселен, жақында ғана К. Жұмадолов Сара мен Біржанның айтысы болған ба деген мәселеге мақала жазды. Мұны осыдан қырық жыл бұрын ғалымдарымыз егжей-тегжейлі айтып қойған жоқ па еді.

Қазақ ауыз әдебиеті жиналып та, жасалып та жатыр. Көлемі 150 томнан асып кетті. Баспасөз жөніндегі Ұлттық агенттікпен біріге отырып, осы қазыналарды жарияласақ деген ойымыз бар.

Социалистік реализмді біздің көбіміз күнгейді ғана айтып, көленкеші қалдырып кететін бағыт деп түсінеді. Олай емес. Бұл — социалистік бағдардағы «әдебиет» деген сөз. Өмірдің күнгейіне де, көлеңкелі жағын да, қарама-қайшылығын да еркін айта бер. Социалистік реализмнің қадірінңі кеткеш — партияның жетегінде кеткені болды ғой.

Бұл мәжілісте белгілі архитекторымыз Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Шота УӘЛИХАНОВ, сыншы, прозашы Тұрсын ЖҮРТБАЕВ та сөз алып, өз пікірлерін ортаға салды.

Әдебиет мәселелеріне арналған осы мәжілісті Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының президенті Кенжеғали САҒАДИЕВ қорытты.

Әмірхан МЕНДЕКЕ,
«Қазақ әдебиеті» газетінің арнаулы тілшісі.